



«Алатікен мен сұлы сығындыларының кешені» тағамға биологиялық белсенді қоспасы

Алатікен және сұлы сығындыларының кешені бауырдың қызмет ету күйін жақсартуға, сонымен қатар оның ауруға шалдығудың тәуекелінің төмендетуіне арналған.

Бауыр ағзадан зиянды химиялық заттарды шығаруға және зат алмасуының уытты өнімдерін залалсыздандыруға көмектеседі. Бұл үшін бауыр майларды ағза сіңіру үшін майларды ыдыратуға белсенді қатысатын өт бөледі, ақуыздардың құрамын реттеуге көмектеседі, гормондарды бөліп шығарады және уытты заттарды өрітеді. Бауыр қызметі бұзылған кезде бүкіл ағзаның денсаулығына қауіп төнеді. Жеңілтек қарайтын көптеген өлсізденулер бауыр қызметінің жеткіліксіздігіне байланысты: бас ауыру, терімен қиындықтар, күйзелік, созылмалы шаршау, асқазан және ішек қызметінің бұзылуы, ашуланшақтық, көңіл-күйдің жиі өзгерісі, ағзаның вирустар мен жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілеттілігінің төмендеуі. Сондықтан бауыр күйін қарап, оның қалыпты жұмысын қолдау маңызды.

Алатікеннің бауырға пайдалы әсері бұрыннан белгілі. Алатікеннің басты әсер етуші заты силмарин болып табылады, ол бауыр жасушаларын қалпына келтіреді, улы заттардың енуіне көдергі жасайды және басқа ұлар ағзаға терең енбей тұрғанда оларды ыдыратады. Алатікен өттің түзілуін және бөлінуін күшейтеді, асқазан-ішек жолының қызметін қалыпқа келтіреді, жұқпалы аурулар және улану, соның ішінде алкогольмен уланған кезінде бауырдың қорғаныс қасиеттерін арттырады. Препараттың тағы бір компоненті сұлы сығындысы болып табылады. Сұлы табиғи антидепрессант болып табылатын, ауырсынуға сезімталдығын төмендететін және ұйқы мен жалпы көңіл-күйді жақсартатын триптофан; сондай-ақ тііндерді қалпына келтіру үшін қажет лизин сияқты алмастырылмайтын амин қышқылдарынан тұрады.

Сұлының құрамында сонымен қатар эфир майлары, шайыр, әртүрлі витаминдер: В1, В2, В6, К, каротин, никотин және пантотен қышқылдары, калий, магний, фосфор, темір, хром, марганец, мырыш, никель, фтор, йод және көптеген басқалары бар. Сонымен қатар сұлыда көп мөлшерде күкірт бар.

Сұлы бауыр және ұйқы безінің қызметін жақсартып, ішекті майдың сіңірілуіне сөбепші болады.

Май алмасуға сондай-ақ сұлы құрамындағы биологиялық белсенді заттар – полифенолдар қатысады. Сұлы құрамындағы ерекше фермент ұйқы безінің ферменті сияқты әрекет етеді және көмірсуларды сіңіруге көмектеседі. Сұлы асқазан аурулары кезінде де ағзаның темірді сіңіруіне көмектеседі.

Шығарылым түрі: салмағы 400 мг 30 капсула

Құрамы:

негізгі заттар: құрғақ сұлы шөбінің сығындысы (25,82 %), лецитин (16,39 %), құрғақ шұбар алатікен дөңдерінің сығындысы (11,50 %);

қосымша заттар: микрокристалды целлюлоза Е460 (i) (44,79 %), аморфты кремний диоксиді (аэросил) Е551 (0,50 %), фармакопоялық тальк Е553 (iii) (0,50 %), магний стеараты Е470 (0,50 %).

3 капсуладағы белсенді заттардың мөлшері:

| | | Қабылдаудың нақты деңгейінен % |
|-----------------------------|------|--------------------------------|
| Флавоноидтар, мг, кем емес | 13,5 | 45 |
| Флаволинандар, мг, кем емес | 13,5 | 45 |

Қолдану саласы: тағамға биологиялық белсенді қоспа флаволинандар мен флавоноидтердің көзі ретінде ұсынылады.

Қолдану бойынша ұсыныстар: ересектерге тамақпен бірге 1 капсуладан күніне 3 рет қабылдау қажет. Қабылдау ұзақтығы – 1-2 ай. Қолданар алдында дәрігерден кеңес алу ұсынылады.

Қарсы көрсетілімдер: құрамдас бөліктерге жеке төзгісіздік, жүктілік, бала емізу кезеңі.

Сақтау шарттары: 25 °С аспайтын температурада құрғақ, жарықтан қорғалған және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау қажет.

Сату шарттары: дәріханалық желілер және мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

Дәрілік зат болып табылмайды.

Жарамдылық мерзімі: 2 жыл.

30.11.2012 жылғы Мемлекеттік тіркеу жөнінен күәлік № RU.77.99.11.003.E.016533.11.12

ТШ 9197-032-54863068-12

Өндіруші: «Внешторг Фарма» ЖШҚ, РФ, 105005 Мәскеу қ., Бакунин көшесі, 8-үй, 1-құр, 13-бөлме. Өндіріс мекенжайы: РФ, 601125 Владимир обл., Петушки ауданы, Вольгин ауылы.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйым: «Pharmaline» ЖШС, 050051 Алматы қ., Достықдаңғ., 134, «Пионер-2» бизнес орталығы, 4-қабат, 415-кеңсе.

Тел.: +7 (727) 338 48 14, +7 (727) 338 48 15.

Өнім бойынша барлық құқықтар «Внешторг Фарма» ЖШҚ тиесілі.